

"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2016 – 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 346 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2016 жылғы 18 наурыздағы N 367 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 сәуірдегі N 3680 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 109-бабының 5-тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 346 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 3541 болып тіркелген, "Тайынша таңы" 2016 жылғы 5 ақпандағы аудандық газетінде, "Тайыншинские вести" 2016 жылғы 5 ақпандағы аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті (әрі қарай аудандық бюджет) тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4835862 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 910482 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 9000 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 32083 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 3884297 мың теңге;

2) шығындар – 4864289,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 6259,6 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 9591,6 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 3332 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – -26102 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 26102 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 8585,3 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 8585,3 мың теңге

;

қарыздар түсімі – 9545 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 3332 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2372,3 мың теңге.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. 2016 жылға арналған республикалық бюджеттен түсетін нысаналы трансферттер мынадай көлемдерде есепке алынсын:

1) мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбек ақы төлеуге және олардың лауазымдық жалақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге – 823 968 мың теңге;

2) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің еңбек ақысының деңгейін арттыруға - 75482 мың теңге;

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 106111 мың теңге;

4) жергілікті атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен бөлімшелерін ұстауға - 9506 мың теңге;

5) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға – 1248 мың теңге

;

6) "Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті ендіруге - 16149 мың теңге;

7) мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында халыққа әлеуметтік қорғау және көмек көрсетуге - 19821 мың теңге;

8) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға - 363295 мың теңге;

9) жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге - 36757 мың теңге, оның ішінде:

аудан мектептеріне оқулықтар сатып алу – 26519 мың теңге;

аудан мектептеріне компьютерлер сатып алу – 10238 мың теңге;

10) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға - 28027 мың теңге.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. 2016 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен түсетін нысаналы трансферттер есептелсін, оның ішінде:

1) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға - 40366 мың теңге;

2) ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға - 2150 мың теңге.

3) жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуді және өңірлердің экономикалық

тұрақтылығын қамтамасыз етуге - 5718 мың теңге, оның ішінде:

әлеуметтік-мәдени объектілерін жөндеуді бірлесіп қаржыландыруға - 5718 мың теңге.";

көрсетілген шешімге 1-қосымша осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы

мәслихатының

XLIX сессиясының төрағасы

А. Кершис

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы

мәслихатының хатшысы

Қ. Шәріпов

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы
мәслихатының 2016 жылғы 18 наурыздағы №
367 шешіміне 1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы
мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №
346 шешіміне 1-қосымша

Тайынша ауданының 2016 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы
1	01
	03
	04
	05
	08

2	
	01
	06
3	
	01
	03
4	
	02
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі
01	
	112
	122
	123
	458

	464
07	
	123
	458
	464
	472
08	
	123

	455
455	
	456
	465
10	

	459
	462
	463
	473
11	
	472
12	
	123
	458

13	
	123
	459
	469
15	
	459
10	
	459
Санаты	Сыныбы
5	
	01
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі
Санаты	Сыныбы

6	
	01
7	
	01
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі
14	
16	
	459
Санаты	Сыныбы
8	
	01